

"Қазақстан Республикасы тау-кен-металлургиялық кешенінің тұрақты жұмыс істеуін және оның дамуының стратегиялық басымдықтарын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 ақпандағы N 187 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2.6.9-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы тау-кен-металлургиялық кешенінің тұрақты жұмыс істеуін және оның дамуының стратегиялық басымдықтарын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. "Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 434 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың тізбесінде:

12-тармақтағы "1999-2003" деген сандар "2004-2006" деген сандармен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жылына екі рет әрбір жылдың 15 қаңтарына және 15 шілдесіне Бағдарлама Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 17 ақпандағы
N 187 қаулысымен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасы тау-кен-металлургиялық
кешенінің тұрақты жұмыс істеуін және оның дамуының
стратегиялық басымдықтарын ғылыми-техникалық
қамтамасыз ету" туралы 2004-2006 жылдарға арналған
ғылыми-техникалық бағдарламасы**

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	"Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургиялық кешенінің тұрақты жұмыс істеуін және оның дамуының стратегиялық басымдықтарын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" туралы 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеудің негізі	Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы, "Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургиялық кешенінің тұрақты жұмыс істеуін және оның дамуының стратегиялық басымдықтарын 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" ғылыми-техникалық бағдарламасын әзірлеу" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" N 903 қаулысының 2.6.9-тармағы
Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі

Мақсаты

Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургиялық кешенінің инновациялық дамуын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, жоғары қосымша құны бар бәсекеге қабілетті өнім алу жөнінде жаңа өндіріс құру, қоршаған ортаға техногендік әсерді төмендету және кадрлық ғылыми әлеуетін дамыту.

Міндеті

Әлемдік рынок талаптарына сәйкес тау-кен-металлургиялық кешенінің бәсекеге қабілетті өнімдерін арттыру мақсатында жаңа технологиялар әзірлеу және істегі өндірістерді ж е т і л д і р у ;
жоғары қосымша құны бар экспорттық және импорт алмастырушы өнімдердің номенклатурасын кеңейту жөнінде технологиялар әзірлеу;
рудалы, техногенді, баланстан тыс және құрамында қайталама металы бар шикізатты қайта өңдеуге тартуды қамтамасыз ететін жаңа технологиялар әзірлеу және игеру;
қоршаған ортаға техногендік ықпалды азайтуға бағытталған технологиялар әзірлеу;
шағын және орта бизнес субъектілерінің қатысуымен әзірлемелерді енгізу арқылы жаңа ө н д і р і с т е р құру ;
Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургиялық кешенін тиімді басқару үшін ғылыми негіздеу және әдістемелік құжаттар ә з і р л е у ;
ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру және тау-кен-металлургиялық салаға жоғары біліктендірілген мамандарды тарту.

Басымдылығы

Жоғары қосымша құны бар бәсекеге қабілетті өнімді шығаруды қамтамасыз ететін түсті және қара металлургияның рудалы және техногендік шикізатын кешенді пайдалану үшін ресурс пен энергия үнемдеуші экологиялық жағынан таза технологиялар мен жабдықтар жасау және іске асыру.

Қаржыландыру
көзі

Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету республикалық бюджетте Бағдарламаның әкімшісі көздеген қаражаттың шегіндегі мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырады. Бағдарламаны іске асыруға байланысты көзделген қаржы шығындары барлығы - 700,7 млн. теңгені, соның ішінде жылдар бойынша: 2004 жылы - 222,6 млн. теңге, 2005 жылы - 233,8 млн. теңге, 2006 жылы - 244,3 млн. теңге құрайды. 2005-2006 жылдарға арналған шығыстар көлемі "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті қаржы жылынан нақтыланатын болады.

Күтілетін
нәтиже

Бәсекеге қабілетті өнім шығаруды қамтамасыз ететін қара, түсті, сирек және асыл металл кендерін қайта өңдеудің қазіргі технологияларын жетілдіру және жаңа технологиялар жасап шығару; пайдалы қазбаларды өндіруде ресурс сақтаушы технологияларды пайдалану есебінен бұрғылау-жарылыс жұмыстарын қысқартуға руданың шығының және жұпындануын төмендету; сульфитта полиметалл және қиын байытылатын кенді байыту технологияларын жетілдірудің есебінен кен байыту кәсіпорындарында экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында концентраттар сапасын арттыру және улы тапшы реагенттер шығыстарын қысқарту; жаңа экологиялық таза технологияларды енгізудің есебінен тау-кен-металлургиялық кешені кәсіпорындарының қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерін төмендету және өндіріс қалдықтарының жиналуын қысқарту; тау-кен-металлургиялық кешенінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жаңа өнім т ү р л е р і ; тау-кен-металлургиялық кешені дамуының стратегиялық басымдықтарына сәйкес өнеркәсіптің тау-кен өндіру және қайта өңдеу

салалары жұмыстарының тиімділігін арттыру.
тау-кен-металлургиялық саласына инновациялық
технологияларды құру мен енгізу үшін жоғары
білікті ғылыми кадрлар дайындалған.

Бағдарламаны
іске асыру мерзімі

2004-2006 жылдар

2. Кіріспе

Қазақстан 2030 стратегиясында тау-кен-металлургиялық кешені Қазақстанның әлеуметтік экономикалық дамуының жоғары деңгейі бар елдердің қатарына өркендеуіне жол ашатын басымды саланың бірі ретінде анықталған. Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургиялық кешенін дамытудың басты міндеттері бәсекеге қабілеті мол өнім шығаруды жеделдететін қолайлы жағдай жасау болып табылады. Қазақстан металлургиялық өнеркәсібі әлемдік рынокта бұрын болып, көрмеген ғаламат бәсекелік жағдайда жұмыс істеп келеді. Қазақстанның металл өндіру саласында халықаралық еңбекті бөлісуге қатысуы тау-кен-металлургия кәсіпорындарының техника мен технологиялық жаңа түрлерін пайдалануды ынталандыруға бағытталған арнайы шараларын жүзеге асырумен байланысты.

Қазіргі уақытта республиканың тау-кен-металлургиялық сапасында химиялық және фазалық құрамы жағынан жаңа тиімді технологиялар мен құрал-жабдықтың соңғы түрлерін пайдалануды қажет ететін күрделі кенді қайта өңдеуге тартумен байланысты ауқымды проблемалар бар. Шикізаттың дәстүрлі емес көздерін тиімді қайта өңдеу жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың техникалық және технологиялық жаңаруымен және жаңа кәсіпорындар құрумен, тікелей байланысты. Әрине, мұндай жағдайларда жұмыс істеп тұрған тау-кен-металлургиялық кешені тиімділігінің өсуі тек қана ғылым мен өндірістің тығыз кірігуінің, ғылыми жетістіктерді кең ауқымда іске асырудың, жаңа технологиялар мен техниканы жедел енгізудің есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін. "Қазақстан Республикасы тау-кен-металлургиялық кешенін тұрақты жұмыс істеуін және оның дамуының стратегиялық басымдықтарын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" туралы 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірлеудің негізгі себебі де осы болатын.

Бағдарламаны әзірлеу негізі мыналар:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы;

2. "Қазақстан Республикасының 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы (2.6 9-тармағы "2004-2006 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасы тау-кен-металлургиялық кешенінің тұрақты жұмыс істеуін және оның дамуының стратегиялық басымдықтарын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" ғылыми-техникалық бағдарламасын әзірлесін").).

Бұрын тау-кен-металлургиялық кешені кәсіпорындарының жұмысын тұрақтандыру үшін екі Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар: "1993-1998 жылдарға арналған тау-кен-металлургиялық кешенінде ресурс үнемдейтін тиімділігі жоғары технологиялардың негізінде минералды шикізатты кешенді пайдалану" және "1999-2003 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы тау-кен-металлургия кешенінің тұрақты жұмыс істеуі мен стратегиялық басымдықтарының дамуын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" орындалған болатын, сол жинақталған тәжірибе "Қазақстан Республикасы тау-кен-металлургиялық кешенін тұрақты жұмыс істеуін және оның дамуының стратегиялық басымдықтарын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" туралы 2004-2006 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламаны әзірлеу кезінде ескерілді. Жоғарыда аталған бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тау-кен-металлургиялық кешені кәсіпорындарында 40-тан астам жаңа әзірлемелер жасалған және енгізілген болатын, Қазақстан Республикасы үшін жаңа өнім шығару бойынша бірқатар өндірістер құрылды. Жаңа бағдарламада негізгі басымдықтарға - рудалы, техногендік, балансты және құрамында металл бар қайталама шикізатты өңдеуге, экологиялық аспектілерге ерекше көңіл бөлінетін болады.

3. Проблеманың қазіргі заманғы жай-күйін талдау

Қазақстанның маманданған саласының бірі ұлттық тау-кен-металлургия өнеркәсібі болып табылады.

Елдің ІЖӨ-дегі тау-кен-металлургиялық секторының үлесі 2002 жылы 8,4% (1999 жылы - 8,1%, 2003 жылы - 9,8%, 2001 жылы - 8,2%) құрады. Салада өндірістердің тұрақты даму үрдісі байқалды, тоқтап тұрғандарды қалпына келтіру және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту, шығарылатын өнімнің сапасын арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Тау-кен-металлургиялық саланы дамыту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар 2000 жылы байқалды, өйткені 1999 жылдың ортасынан бастап әлемдік рыноктарда қазақстандық тау-кен-металлургиялық кәсіпорындар өндіретін негізгі шикізат өніміне едәуір баға өсті. Сол кезеңде жалпы өнімнің көлемі US\$3 млрд.-тан астамды құрап,

өзінің ең жоғары деңгейіне жетті.

Сонымен қалар, Қазақстанның тау-кен-металлургиялық кешенінің осал жақтары мен проблемалары бар - рудалардың құрамында пайдалы элементтердің аз болуы, оны өндірудің кешендігінің төмен болуы, сондай-ақ төменгі қайта байыту өнімдері мен жоғары қосымша құны бар тауар өнімін шығаратын өндірістердің мүлдем болмауы. Экономиканың шикізат шығаруға бағытталуы елді әлемдік рыноктарда минералдық шикізат пен металдар сұранысына толығымен тәуелді етеді.

Өнеркәсіп салаларында шикізатқа шығаруға бағытталуынан кету үшін ғылымды көп қажетсінетін және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін жағдайлар құру қажет.

Тау-кен металлургиялық салада жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін ауқымды және жедел түрде инновациялар енгізу қажет. Инновациялық және инвестициялық қызметті жандандыру кәсіпорындардың дамуын шектейтін кері әсер етуші факторларды төмендетеді, өндірістік әлеуетті түбегейлі қайта жаңартуды қамтамасыз етеді, барлық ресурс түрлерінің шығыстарын төмендету мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормаларды сақтау кезінде дәстүрлі және жаңа өнімдердің түрлерін жасап шығарады.

Инновациялық өндірістер құру үшін алдын ала даярланған, жоғары білікті ғылыми кадрлар қажет.

Бірқатар ғылыми тақырыптарды толық қаржыландырмау жас ғалымдардың ғылыми саладан кетуіне әкелді. Бүгінгі күні республикамызда техникалық мамандықтар, менеджмент, маркетинг және талдау салаларында жоғары білікті мамандар жеткіліксіз. Технологиялық қалушылықты жеңу және Қазақстан экономикасын құрылымды қайта құру үшін бастапқы дәрежелі мәні бар ғылымдардың салалары үшін ғылыми кадрлар даярлау және қайта даярлау қажет. Осы мақсатта алдыңғы қатарлы шетел компанияларында мамандарды тағлымдамадан өткізуді қарастыру, семинарлар және сол сияқтылар өткізу үшін жоғары білікті шетел мамандарын тарту қажет.

Тау-кен-металлургия кешенінің дамуы сөзсіз, ел экономикасының жалпы деңгейімен, отандық және шетел капиталын қолдау перспективаларымен, әлемдік рынок конъюктурасымен, кәсіпорындардың өнімін ішкі тұтынумен аяқындалады.

Сондықтан тау-кен-металлургиялық кешенін қарқынды дамытуға бағытталған ғылыми-техникалық бағдарлама әзірлеу; өндірістерді технологиялық жағынан жаңарту; металл сапасын арттыру; экспортқа бағытталған өнім шығару және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту мәселелері аса өзекті болып табылады. Бағдарлама дәл осы міндеттерді шешуге бағытталып отыр.

Бағдарламаны жасау тау-кен-металлургиялық кешенінде болатын проблемаларды мынадай жолмен шешуге мүмкіндік береді:

- саланың шикізат шығаруға бағытталуын төмендету;
- Қазақстан металының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- жер қойнауын пайдалану мониторингін, бақылау мен басқару құру;
- технологиялық қайта өңдеулерді жетілдіру есебінен бағалы компоненттердің жойылуын төмендету;
- жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлау.

Әзірленіп отырған Бағдарламаны іске асыру әлемдік рыноктың, ТМД рыногының қажеттілігін және ішкі қажеттілікті, сондай-ақ еліміздің экономикалық тәуелсіздігін нығайтуды ескере отырып, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жаңа Бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалық-инновациялық даму стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығына сәйкес инновациялық өндірістер құру үшін Қазақстан Республикасының минералды және техногендік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі бірқатар жаңа технологиялар әзірлеу көзделіп отыр.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстан Республикасы тау-кен-металлургиялық кешенінің инновациялық дамуын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, жоғары қосымша құны бар бәсекеге қабілетті өнім алу жөніндегі жаңа өндірістер құру, қоршаған ортаға техногендік әсерді төмендету және кадрлық ғылыми әлеуетті дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

әлемдік рыноктың талаптарына сәйкес тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекеге қабілетті өнімдерін арттыру мақсатында жаңа технологиялар әзірлеу және жұмыс істеп тұрған өндірістерді жетілдіру;

жоғары қосымша құны бар экспорттық және импорт алмастырушы өнімдердің номенклатурасын кеңейту жөнінде технологиялар әзірлеу;

рудалы, техногендік, баланстан тыс және құрамында қайталама металы бар шикізатты қайта өңдеуге тартуды қамтамасыз ететін жаңа технологиялар әзірлеу және игеру;

қоршаған ортаға техногендік ықпалды азайтуға бағытталған технологиялар әзірлеу;

шағын және орта бизнес субъектілерінің қатысуымен әзірлемелерді енгізу жолымен жаңа өндірістер құру;

Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургиялық кешенін тиімді басқару үшін ғылыми жағынан негіздеу және әдістемелік құжаттар әзірлеу; ғылыми кадрлардың біліктігін арттыру және тау-кен металлургиялық салаға жоғары білікті мамандарды тарту.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

1. Бәсекеге қабілетті өнім шығаруды қамтамасыз ететін рудалы және техногендік шикізатты кешенді қайта өңдеу үшін ресурс және энергия үнемдейтін, экологиялық жағынан таза технологиялар мен жабдықтар жасау және оларды іске асыру:

шығарып тасталған жоғалымдардан кенді қайта өңдеуден өткізу арқылы мыс және ілеспе металдарды өндірудің технологиялық процесін жетілдіру;

қорғасын, мырыш және ілеспе металдар өндірудің ғылыми-техникалық деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін тиімділігі жоғары, экологиялық жағынан қауіпсіз технологиялар жасау және іске асыру;

бәсекеге қабілетті өнім алуды қамтамасыз ететін рудалы және техногендік шикізаттан жасалатын түсті, сирек және асыл металдарды алудың рентабельдігі жоғары және экологиялық жағынан таза технологияларды әзірлеу және игеру;

баланстан тыс және бабына келмеген темір рудасы мен ферроқорытпа шикізатын, техногендік қалдықтарды қайта өңдеудің тиімділігі жоғары, экологиялық жағынан таза технологияларын игеру;

жаңа құралдар мен автоматтандыру жүйелерін енгізе отырып, металлургиялық процестерді басқару үшін акпараттық-өлшеу кешендерін құру.

2. Кен өндіру және қайта өңдеу кәсіпорындарының қатты, сұйық және газ күйіндегі қалдықтарын кәдеге жаратудың технологияларын жасау:

өнеркәсіптік өндірістердің қалдықтарын кәдеге жарату мен жоюды қамтамасыз ететін технологиялық процестер мен аппараттар жасап шығару және енгізу;

сумен жабдықтаудың айналымдық жүйелерін әзірлеу және енгізу; қауіпті қалдықтарды азайтуды, толық кәдеге жаратуды, залалсыздандыруды қамтамасыз ететін жаңа технологиялар жасап шығару және игеру.

3. Ғылыми-техникалық өнімдерді кейіннен сату үшін тәжірибелі және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстар:

тәжірибелі және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстар жүргізу; ғылыми-техникалық өнімді кейіннен сату үшін техникалық, технологиялық және жобалау құжаттамаларын әзірлеу.

4. Өнеркәсіптің кен өндіру және қайта өңдеу салаларының дамуы мен қауіпсіз

жұмыс істеуінің нормативтік-әдістемелік құжаттарын әзірлеуді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету.

5. Тау-кен-металлургиялық сала үшін кадрлық әлеуетті даярлау.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражатының есебінен және шегінде жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыруға байланысты көзделген қаржы шығындары, барлығы - 700,7 млн. теңгені, соның ішінде жылдар бойынша: 2004 жылы - 222,6 млн. теңге, 2005 жылы - 233,8 млн. теңге, 2006 жылы - 244,3 млн. теңгені құрайды. 2005-2006 жылдарға арналған шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде негізінен мынадай нәтижелер алынатын болады:

қорғасын алуды 5 %-ға, мырышты 8 %-ға, мыс алуды 1-1,5 %-ға, асыл металдарды 2-2,5 %-ға арттыруға, қара түсті, сирек және асыл металдар рудаларын қайта өңдеуге мүмкіндік беретін баланстан тыс, жұпыны рудаларды байытудың қолданыстағы технологиялары жетілдірілді және жаңа технологиялар игерілді;

қазақстанның жаңа шикізат көздерін қайта өңдеуге тартудың, құрамында титан бар шикізатты балқыту процесінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін 5-7 %-ға арттыруды, ванадий алудың дәрежесін 8-10 %-ға, титан алуды 0,5-1 %-ға өсіруді қамтамасыз ететін оларды кешенді қайта өңдеудің жаңа технологиясын жасаудың есебінен сирек (ванадий, галлий және тағы басқа) және асыл (алтын, күміс, платина) металдардың шикізат базасы ұлғайтылды;

жер қойнауынан руданы өндірудің өзіндік құнын 8-10 %-ға төмендетуді, салу жұмыстарына, кен тазалау орындарын бекіту мен ұстауға жұмсалатын шығынды 30-35 %-ға қысқартуды қамтамасыз ететін тау-кен өндірісінің процестерін механикаландыру мен басқару жүйесінің құралдары әзірленді және енгізілді;

тапшы және улы реагенттер шығысын айтарлықтай қысқартуға, кен байыту кәсіпорындарынан экологиялық ахуалын жақсартып отырып, концентраттардың сапасын арттыруға мүмкіндік туғызатын құрамында асыл металдары бар сульфитті полиметалл рудаларын, қиын байытылатын, баланстан тыс, жұпыны рудаларды байытуда жаңа технологиялар әзірленді және игерілді және қолданылып жүрген технологияларды жетілдірілді;

тау-кен-металлургиялық кешені кәсіпорындарының қоршаған ортаға тигізетін

зиянды әсерін төмендетуге, өндіріс қалдықтарының жиналуын қысқартуға және табиғи объектілерге шығарылатын авариялық лақтырындыларды азайтуға мүмкіндік туғызатын жаңа технологиялар жасанды және игерілді;

металлургиялық шлактар мен кен байыту фабрикаларының қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі технологиясы әзірленді;

кен байыту фабрикалары мен металлургиялық өндірістердің кен үйінділерінен және қалдықтарынан жасалған түсті, асыл және сирек жер металдарын алу жөніндегі технологиясы әзірленді;

еліміз үшін жаңа кешенді балқымалар мен лигатур түрлерін, соның ішінде: ферробор, ферротитан, барий, кальций, ванадий бар ферросиликоалюминий алудың технологиясы әзірленді және енгізілді;

автоматтандырудың құралдары мен жүйелерін игере отырып, процестердің технологиялық параметрлерін бақылаудың жабдықтары мен аспаптарының жаңа түрлерінің тәжірибелік үлгілері әзірленді және жасалды;

тау-кен-металлургиялық кешенінің дамуын бейімдік басқару үшін ғылыми-әдістемелік құжаттар жасалды;

пайдалы қазба қорларын тиімді және кешенді пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік құжаттаманың жобалары әзірленді;

тау-кен-металлургиялық кешені кәсіпорындарының ИСО 9000 және 14000 халықаралық стандарттар саласына көшуін және өнім сапасын басқарудан сапа менеджменті жүйелеріне көшуді ғылыми-әдістемелік және метрологиялық қамтамасыз ету құрылды;

тау-кен-металлургиялық салаға инновациялық технологияларды құру және енгізу үшін жоғары білікті ғылыми кадрлары даярланды.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с	Іс-шаралар	Аяқтау	Жауапты	Орындау	Күті.	Қаржы.
N		нысаны	орындаушы	мерзімі	летін	ландыру
			(іске		шығыс.	көзі
			асырушы)		тар	
					(млн.	
					теңге)	
1	2	3	4	5	6	7

1. Ұйымдастыру Іс-шаралары

1	Бағдарламаның негізгі тапсырмалары бойынша жобаларды іріктеу конкурсын ұйымдастыру және өткізу. Бағдарлама бойынша басты ұйымды анықтау	Бағдар. ҚР ИСМ лама әкімші. сінің бұйрығы. Бағдарлама басты анықтау	2004 жылғы - I тоқсан	Қаржы. ланды. руды талап етпейді Конкур. стық комис. сияның хатта.
---	---	---	-----------------------	--

масы

2	2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламаның кеңейтілген нұсқасын жасау	Бұйрық. ҚР ИСМ пен бе. кiтiлген Бағдар. ламаның	2004 жылғы - I тоқсан	Қаржы. ланды. руды талап етпейді кеңей. тiлген
---	--	---	-----------------------	--

нұсқасы

3	Аралық есептерді қарау және бекіту	Ғылыми- ҚР ИСМ техни. калық кеңесте бекі.	желтоқсан - мен шілде жыл сайын	Қаржы. ланды. руды талап етпейді тiлген
---	------------------------------------	---	---------------------------------	---

есеп

4	Алдағы жылға арналған Бағдарламаның кеңейтілген нұсқасын жасау және бекіту	Бұйрық. ҚР ИСМ пен бе. кiтiлген бағдар. ламаның және бекіту	IV тоқсан - жыл сайын	Қаржы. ланды. руды талап етпейді алдағы жылға арналған кеңей. тiлген
---	--	---	-----------------------	--

нұсқасы

2. Негізгі ғылыми-техникалық тапсырмалар

1	Бәсекеге қабілетті өнім шығаруды қамтамасыз ететін рудалы және техногендік шикізатты және кешенді пайдалану үшін ресурс және энергия үнемдейтін, экологиялық жағынан таза технологиялар мен жабдықтар әзірлеу және оларды іске асыру: мыс және шығарып	Есептер, ҚР ИСМ сынақ кесім. дері пайда. лануға қабыл. данған жаңа зертте. мелерді енгізу.	IV тоқсан жыл сайын	Бар. Респу. лығы - бли. 310,5, калық оның бюджет ішінде жылдар бойын. ша: 2004 - 110,0 2005 - 100,5 2006 - 100,0
---	--	--	---------------------	--

тасталған жоғалым.
дардан кенді қайта
өңдеу арқылы ілеспе
металдарды өндірудің
технологиясын
жаңарту;
қорғасын, мырыш және
ілеспе металдар
өндірудің ғылыми-
техникалық деңгейін
арттыруды қамтамасыз
ететін, тиімділігі
жоғары, экологиялық
жағынан қауіпсіз
технологияларды құру
және іске асыру;
бәсекеге қабілетті
өнім алуды қамтамасыз
ететін рудалы және
техногендік шикізат.
тан жасалатын сирек
және асыл металдарды
алуда рентабельдігі
жоғары және
экологиялық жағынан

таза технологиялар
 әзірлеу және игеру;
 баланстан тыс пен
 бабына келтірілмеген
 темір рудалы және
 феррокорытпа
 шикізатын,
 техногендік
 қалдықтарды қайта
 өңдеудің тиімділігі
 жоғары, экологиялық
 жағынан таза
 технологияларын
 игеру;
 автоматтандырудың
 жаңа құралдары мен
 жүйесін құруды
 игере отырып,
 металлургиядағы
 технологиялық
 процестерді
 бақылау мен
 басқару үшін
 өлшеу - есептеу

кешендерін құру

2

Т а у - к е н	ө н д і р у м е н
және қайта өңдеу	Есептер, ҚР ИСМ IV Бар. Респу.
кәсіпорындарының	сынақ тоқсан лығы - блика.
қатты, сұйық және	кесімде. жыл 142,5, лық
газ күйіндегі	рі және сайын оның бюджет
қалдықтарды кәдеге	өнді. ішінде
жаратудың	ріске жылдар
технологияларын	енгі. бойын.
әзірлеу:	зілген, ша:
өнеркәсіптік	іс жү. 2004 -
өндірістердің	зінде 50,0
қалдықтарын кәдеге	қолда. 2005 -
жарату мен жоюды	нуға 52,5
қамтамасыз ететін	дайын 2006 -

	технологиялық	зерт.		40,0
	процестер мен			темелер.
	аппараттар	әзірлеу		Техни.
	және енгізу;			калық -
	сумен жабдықтаудың			эконо.
	айналымдық жүйелерін			микалық
	әзірлеу және енгізу;			көрсет.
	қауіпті қалдықтарды			кіштер,
	азайтуды, толығымен			өнді.
	кәдеге жарату мен			рісте
	залалсыздандыруды			игеріл.
	қамтамасыз ететін			ген
	жаңа технологияларды			техно.
	әзірлеу және игеру	логиялар		
3	Ғылыми-техникалық	Есептер, ҚР ИСМ	IV	Бар. Респу.
	өнімдерді кейіннен	сынақ.	тоқсан	лығы - блика.
	сату үшін тәжірибелі	тан	жыл	205,0, лық
	және тәжірибелі-	өткізу	сайын	оның бюджет
	конструкторлық	актілері		ішінде
	жұмыстар жүргізу:	және ен.		жылдар
	тәжірибелі және	гізулер		бойын.
	тәжірибелі -			ша :
	конструкторлық			2004 -
	жұмыстар жүргізу;			50,0
	ғылыми-техникалық			2005 -
	өнімді кейіннен сату			65,5
	үшін техникалық,			2006 -
	технологиялық және			90,0
		ж о б а л а у	қ ұ ж а т т а м а .	
	ларын әзірлеу.			
4	Өнеркәсіптің	Норма. ҚР ИСМ	IV	Бар. Респу.
	тау-кен өндіру	тивтік	тоқсан	лығы - бли.
	мен және қайта өңдеу	кесім.		жыл калық
	салаларының дамуы	дердің		сайын бюджет
	мен қауіпсіз жұмыс	жобалары		42,7,
	істеуінің норма.			оның
	тивтік-әдістемелік			ішінде
	құжаттарын әзірлеу.			жылдар
	дің ғылыми-техни.			бойын.

калық қамтамасыз
етілуін ұйымдастыру.

ша :
2004 -
1 2 , 6
2 0 0 5 -
5 , 8
2 0 0 6 -
1 4 , 3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК